

V МОДУЛЬ ӘКІМШІЛІК ІС ЖҮРГІЗУ

5-сабақ Сот отырысының хаттамасы



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

репликалар
жер кодексі
шешім шығару
куәні шығару
куәдан жауап алу
сот отырысын ашу
шешімді жария ету

қарсылық білдіру
істің мәні бойынша
құжаттарды зерттеу
процеске қатысушылар
сот құрамын жариялау
адамдардың
түсініктемелері



2. Хаттаманың құрылымын тыңдаңыз, жазыңыз.

- 1 ашу
- 2 тексеру
- 3 шығару
- 4 құқықтары міндеттерін түсіндіру
- 5 Соттың өтініштерін шешу
- 6 басталуы
- 7 түсініктемелері
- 8 жауап алу
- 9 зерттеу
- 10 аяқтау
- 11 жарыссөзі
- 12
- 13 жария ету



3. Сәуікестендіріңіз.

Сот отырысын
Процеске қатысушылардың келуін
Сот отырысы залынан куәні
Іске қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін
Соттың іске қатысушы адамдардың өтініштерін
Істі мәні бойынша қараудың
Іске қатысушы адамдардың
Куәдан жауап
Құжаттарды
Істі мәні бойынша қарауды
Сот
Шешімді

шығару
түсіндіру
шешуі
басталуы
ашу
жария ету
тексеру
аяқтау
түсініктемелері
жауап алу
зерттеу
жарыссөзі



4. Сұраулық шылауларды жалғаңыз. Оқыңыз.

ма?

ме?

ба?

бе?

на?

не?

Аудармашының көмегі қажет _____?

Залда куәлар бар _____?

Сіздерге құқықтарыңыз бен міндеттеріңіз түсінікті _____?

Тараптар, өтініштеріңіз бар _____?

Жауапкер және мүдделі тұлға, аталған өтінішке пікірлеріңіз,
қарсылықтарыңыз бар _____?

Жауапкер, қоюылған талапты мойындайсыз _____?

Тараптар, істі бітімгершілік келісімімен немесе медиация тәртібімен,
реттеуге ниет білдіресіздер _____?

Жауапкер, талаптарға қарсы пікіріңіз бар _____?

Мүдделі тұлға талап қоюға сіздің пікіріңіз бар _____?

Куәға сұрақтарыңыз бар _____?

Істің құжаттарын жариялаудың қажеттігі бар _____?



5. Туісті сөздерді жазыңыз.

_____ ашу

_____ келуін тексеру

_____ куәні шығару

_____ адамдарға олардың

құқықтары мен міндеттерін түсіндіру

_____ адамдардың өтініштерін шешуі

_____ қараудың басталуы

_____ адамдардың түсініктемелері

_____ жауап алу

_____ зерттеу

_____ жарыссөзі

_____ жария ету

_____ процеске
қатысушылардың

_____ Істі мәні бойынша

Сот отырысы
залынан

Шешімді

Құжаттарды

Сот отырысын

Іске қатысатын

Сот

Куәдан

Іске қатысушы

Соттың іске
қатысушы



6. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

22.07.2021

22 шілде 2021 жыл

25.01.2021

14.05.2021

15.04.2021

30.05.2021

07.07.2021



7. Сұрақтарға болымды/болымсыз түрде жауап жазыңыз.

Тараптар, сот ісін жүргізу түсінікті ме? 

Иә, түсінікті.

Жоқ, түсініксіз.

Аудармашының көмегі қажет пе? 

Иә, _____

Жоқ, _____



Сіздерге құқықтарыңыз бен міндеттеріңіз түсінікті ме?

Иә, _____

Жоқ, _____

Жауапкер, қойылған талапты мойындайсыз ба? 

Иә, _____

Жоқ, _____



Мүдделі тұлға, талап қоюға сіздің пікіріңіз бар ма?

Иә, _____

Жоқ, _____

Куәға сұрақтарыңыз бар ма? 

Иә, _____

Жоқ, _____



Істің құжаттарын жариялаудың қажеттігі бар ма?

Иә, _____

Жоқ, _____



8. Сәйкестендіріңіз.

жер

шешім

куәні

куәдан

сот отырысын

шешімді

қарсылық

істі мәні

құжаттарды

процеске

сот құрамын

қатысушылар

бойынша

шығару

жария ету

жариялау

білдіру

жауап алу

кодексі

ашу

шығару

зерттеу



QR-code қосымшасы
арқылы тексеріңіз

22 шілде 2021 жыл
Қарағанды қаласы
СОТ ОТЫРЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАСЫ

Сот отырысын ашу

Төрағалық етуші: Тараптар отырыңыздар. Сот отырысы ашық деп жарияланады. Талап қоюшы Марат Берікұлы Саметовтің «Қарағанды қаласы жер қатынастар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жер телімін заңсыз беру туралы талап қоюы бойынша әкімшілік іс қаралды.

Сот отырысы аудио-бейне құралдарын пайдалану арқылы жазылды.

Процеске қатысушылардың келуін тексеру:

Төрағалық етуші: - хатшы, сот отырысына қатысушыларының келгені туралы баяндаңыз.

Сот отырысының хатшысы: сот отырысына талап қоюшы М.Б. Саметов, «ДСК-Строй» ЖШС мүқделі тұлғаның өкілі Нарынова С.А. және куәгер Бейсенова Ж.М. қатысып отыр.

Тараптар, сот ісін жүргізу түсінікті ме?

Аудармашының көмегі қажет пе?

Талап қоюшы: түсінемін, қажеті жоқ.

Жауапкер өкілі: түсінікті.

Куәгер: түсінемін, қажеті жоқ.

Сот отырысы залынан куәні шығару

Залда куәлар бар ма?

Сіздерден залдан шығуларыңызды сұраймын.

Сот құрамын жариялау және қарсылық білдіру құқығын түсіндіру.

Төрағалық етуші: Сот құрамы жарияланды. Әкімшілік іс Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы М.С. Бегімбаев, хатшылықта А.Жанаева сот құрамында қаралды. Тараптар судьяға, сот отырысының хатшысына, қарсылық білдіруге құқылы.

Сот құрамына сенесіздер ме, қарсылық білдіру және сот құрамынан бас тартулар бар ма?

Іске қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру

Тараптарға заңмен бекітілген құқықтары мен міндеттері түсіндірілді.

Төрағалық етуші: Сіздерге құқықтарыңыз бен міндеттеріңіз түсінікті ме?

Тараптар: түсінікті.

Соттың іске қатысушы адамдардың өтініштерін шешуі

Төрағалық етуші: тараптар, өтініштеріңіз бар ма?

Төрағалық етуші: жауапкер және мүдделі тұлға, аталған өтінішке пікірлеріңіз бар ма?

Тараптар: қарсылығымыз жоқ.

Төрағалық етуші: сот орнында кеңесіп, талап қоюшының өтінішін қанағаттандыру, хатшы сұраныс жолдап, келесі отырысқа іс алынды.

Істі мәні бойынша қараудың басталуы

Төрағалық етуші: істі мәні бойынша қараудың басталғаны. Талап қоюшы, талап қоюды қолдайсыз ба?

Төрағалық етуші: Жауапкер, қойылған талапты мойындайсыз ба?

Жауапкер: – талаптармен толық келіспеймін, біздің іс-әрекетімізге заң бұзушылықтар орын алған жоқ. Талаптарды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраймын.

Төрағалық етуші: Тараптар, істі бітімгершілік келісімімен немесе медиация тәртібімен реттеуге ниет білдіресіздер ме?

Талап қоюшы: - жер қайтарылса, келісемін.

Жауапкер: - біздің іс-әрекет заңды, татуласыға қарсымыз.

Іске қатысушы адамдардың түсініктемелері

Төрағалық етуші: Талап қоюшы, Сізге сөз кезегі берілді.

Төрағалық етуші: Жауапкер, талаптарға қарсы пікіріңіз қандай?

Төрағалық етуші: Мүдделі тұлға, талап қоюға сіздің пікіріңіз қандай?

Куәдан жауап алу

Төрағалық етуші: Куәгер өзіңіздің аты—жөніңізді, тұрғылықты мекен-жайыңызды, тараптарға сотқа баяндаңызшы.

Куә: Еркебұланова Мөлдір, 1980 жылы туғанмын, мекенжайым -Қарағанды қаласы, Ерубаев көшесі, 17-үй, 2-пәтер. Жұмыс орным «Балбөбек» балабақшасында әдіскермін. Тараптарға ешқандай туысқандығым жоқ.

Төрағалық етуші: куәге сұрақтарыңыз бар ма?

Тараптар: сұрақ жоқ.

Төрағалық етуші: куәгерге тараптардан сұрақтар жоқ болғандықтан жауап алу аяқталды.

Құжаттарды зерттеу

Төрағалық етуші: Сот істің құжаттарын жариялауға көшеді.

Төрағалық етуші: тараптар, сіздер істің құжаттарымен таныстыңыздар ма? Істің құжаттарын жариялаудың қажеттігі бар ма?

Тараптар: Қажеті жоқ, таныспыз.

Істі мәні бойынша қарауды аяқтау

Сот жарыссөздері

Төрағалық етуші: Сот жарыссөздеріне көшеміз. Талап қоюшы сізге сөз беріледі.

Талап қоюшы: талап арызымызды толық қанағаттандыруын сұраймын.

Төрағалық етуші: Жауапкер, сізге сөз беріледі.

Жауапкер өкілі: талаптарды мойындамаймын, қанағаттандырусыз қалдыруыңызды сұраймын.

Төрағалық етуші: Мүқделі тұлғаға сөз берілді.

Репликалар

Төрағалық етуші: Тараптар, қосымша сұрақтарыңыз бар ма?

Тараптар: жоқ.

Шешім шығару

Төрағалық етуші: Сот шешім шығаруға кеңесуге кетті. Сот шешімін жариялау шілденің 23 күні сағат 9.00-де өтетіні хабарланды.

Шешімді жария ету

Сот шешімінің резолютивтік бөлімі жарияланды.

Шешім бойынша сұрақтар бар ма? Болмаса, сот шешімі бес жұмыс күні ішінде түпкілікті түрде шығарылады және сіздерге пошта байланысы арқылы жолдананды.

Сот отырысын жабық деп жарияланды.

